

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191	
Силлабус		12 беттің 1 беті	

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЭЭП 03
Пән атауы: «Философия негіздері»
Мамандығы: 09160100 «Фармация»
Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»
Оқу сағатының/кредит көлемі: 24/1
Теория: 24 с.
Курсы: 1
Оқу семестрі: 1
Бақылау түрі: сынақ

Шымкент, 2023 ж.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Философия негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: К.Б. Ахтаева

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «17» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 10 «30» 06 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.О. Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Тилепбаева А.К.	магистр	оқытушы	Саясаттану және әлеуметтану негіздері	aijamalaia@mail.ru
2	Ахтаева К.Б		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	Aktaevaklara44@gmail.com

3.1. Кіріспе.

Оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жай-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретінде философия болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық философияның ішкі бірлігіне алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді.

Философия- бұл адам болсысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандығы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузаытын дүниені танудың айрықша формасы.

3.2.Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- Себепсіз сабақтарды жібермеу;
- Сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- Жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- Тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- Сабақтарға дайындықпен келу ;
- Сабақтарға кешікпеу;
- Сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- Кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (рефераттар, баяндамалар) плагиатқа тексерілуі міндетті.

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді.Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты,жанұя жағдайы,басқа да себептермен) жіберілген жағдайда ,анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі.Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

3.3. Пәннің мақсаты: Мақсаты білім алушытердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Қазіргі Қазақстанның үшінші жаңғырудағы философияның рөлі

3.4. Оқытудың міндеттері:

- білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі;
- білім алушытердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру;

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191	
Силлабус		12 беттің 4 беті	

- 1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;
- 2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;
- 3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;
- 4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;
- 5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;
- 6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;
- 7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;
- 8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;
- 9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3.6. Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы

3.7. Реквизиттен кейінгі: Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Философияның пайда болуы және дамуы. Дүниені философиялық түсінудің негіздері. Болмыс. Онтология және метафизика Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Өмір және өлім. Өмірдің мәні. Этика. Құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы

3.9. Тақырыптық жоспары:

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Философия пәні оның функциялары. қалыптасу және даму тарихы. Антикалық , ежелгі шығыс философиясы	Философия дүниетанымының өзегі ретінде. Философияның қоғамдағы рөлі. Дүниетанымның тарихи түрлері-миф, дін, философия. Материализм және идеализм-философияның негізгі бағыттары .Ежелгі Шығыс философиясы. Ежелгі Қытай философиясы (Конфуций ілімі-гуманизм, Дао ілімі-даосизм). Қытай философиясының негіздері. Ежелгі Үндістандағы касталық жүйе. Буддизм және Джайнизм. Ведалар кітабы. Антик философиясы. Антик философия-Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Гераклит, Парменид, Зенон, Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Эпикур. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Грек, Рим философиясының сабақтастығы. Ежелгі Грек мәдениетіндегі мүсіндеу мен сәулет өнері, ғылымның дамуы	2
2	Орта ғасырлық философия. Қайта өрлеу дәуірі және жаңа заман	Орта ғасырлық философия. Батыс философиясы. Патристика, схоластика-ортағасырлық философияның негізгі ағымдары. Ф. Аквинский, Р Бекон, У. Оккам. Араб-парсы философиясы Ислам діні. О. Хайям, әл-Фараби, ибн-	2

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-191
Силлабус	12 беттің 5 беті

	философиясы.	Сина, әл-Бируни ілімдері. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы. Антропоцентризм және гуманизм. Геоцентризм (Н. Каперник, Г. Галилей, Д. Бруно). Жаңа заман философия-таным әдісі. Ресей философияның дамуы. Ресейдегі позивитизм.	
3	Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері. Орта ғасырдағы қазақ философиясы.	Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері. Қазақ халқының дүниетанымы. Мұсылмандық ренессанс (Қорқыт Ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б.). Исламдық ортағасыр философиясы.	2
4	XIX-XX ғ. қазақ мәдениетіндегі философия	XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Бұқар Жырау, Ақтамберді жырау). (Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев). (Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатов т.б.) Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси ой-пікірі	2
5	Болмыс. Материя. Сана ұғымдары	Философияның теориялық және методологиялық негіздері. Болмыс. Материя, Сана ұғымдары. Болмыс Категориясы және негізі формалары. Субстанция мәселесі. Заттардың мәні туралы негізгі ілімдер. Материя туралы басты ілімдердің типологиясы. Материя ұғымының философиялық мәні. Материаның құрылысы, оның ұйымдық формалары. Материяның өмір сүру тәсілдері мен формалары. Кеңістік және уақыт ұғымдары. Адам санасы рухани әлемі туралы ғылыми түсініктер. Адам психикасының құрылымы: сана, санасыздық, өзіндік сана. Сана адам миының функциясы.	2
6	Диалектиканың негізгі ұғымдары, категориялары	Диалектиканың негізгі категориялары. Диалектика дамудың жалпылама концепциясы. Диалектиканың тарихи формалары, диалектика заңдары.	1
	№1 Аралық бақылау	1-6 тақырыптар бойынша жазбаша, ауызша түрде бақылау жұмысы.	1
7	Философиядағы қоғам мәселесі.	Философиядағы қоғам мәселесі. Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер. Қоғамдық болмыс, сана. Әлеуметтік философия түсінігі және негізгі принциптері. Рухани қоғамдық өмірдің мәні. Өндірістік қатынастар, өндіргіш күштер.	2
8	Таным теориясы	Таным теориясы. Танымның объектісі мен субъектісі. Агностицизм түсінігі. Сенімді және рационалды танымның диалектикасы. Ақиқаттың түрлері. Практика (тәжірбие).	2

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 6 беті

		Дүниені танып білудің мәні.	
9	Философиядағы адам мәселесі.	Философия тарихындағы адам мәселесі. Адам проблемасы, адамға берілген анықтамалар. Адамның пайда болуы туралы түсініктер. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық алғышарттары. Адамның әлеуметтік мәні және ұлттық тұрпаты. Адам бойындағы табиғи және қоғамдық сипаттың үйлесімділігі. Құндылықтар философиясы. Адамгершілік бастаулары.	2
10	Құндылықтар философиясы. Адамгершілік бастаулары.	Адамның рухани байлығының өлшемі. Құндылықтар типологиясы. Адамның қажеттіліктері мен мүдделері. Құндылықтар проблематикасы. «Аксиология» Игілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік, ізгілік, ар-ұят, беделділік, аңдылық, тәуелсіздік, зұлымдық ұғымдары.	2
11	Жеке тұлғаның бостандығы, жауапкершілігі	Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі. Дара тұлға, даралық түсініктерінің мазмұны. Жеке тұлға-өз болмысының субъектісі. Ерік, еркіндік түсініктері.	2
12	Қазіргі қоғамның сипаты мен бірлігі	.Халық санының өсуі. Биосфера, экология мәселелері. Қоғамның Тарихи типтері, қозғаушы күштері. Қоғамды зерттеудің методологиялық негізі.	1
	№2 Аралық бақылау	7-12 тақырыптар бойынша жазбаша, ауызша түрде бақылау жұмысы	1
	Барлығы:		24

3.10.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы			044-73/11-191
Силлабус			12 беттің 7 беті

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: жазбаша ауызша түрде бақылау жұмысы 6 және 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: ауызша емтихан

-Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Ауызша алынған сынақ бағасын пән оқытушысы емтихан кестесі бойынша ПлатонусААЖ-ға қояды.

Қорытынды бақылау: сынақ ауызша нысанда жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мах) 40 балл жинауы мүмкін.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4.00	95-100%	Өте жақсы
A-	3.67	90-94%	
B+	3.33	85-89%	
B	3.00	80-84%	Жақсы
B-	2.67	75-79%	
C+	2.33	70-74%	
C	2.00	65-69%	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 8 беті

C-	1.67	60-64%	Қанағаттанарлық
D+	1.33	55-59%	
D	1.00	50-54%	
F	0.00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабаққа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады	Сабақтың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, ал айда алған білімін тиімді	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданған, алған	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін,	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 9 беті

БҚ 3.1	жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	көрсете алмағаны үшін қойылады.	білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
-----------	---	---------------------------------	--	---	---

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда оқу бағдарламасын толық жүйелей алған кезде үш сұраққа да толық жауап берген уақытта оқу бағдарламасын зерделеп, оқу мақсаттарына талдау жасап қойылады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, оқытушы көрсеткен оқу материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда әрбір тапсырмаға оны орындауда қателіктер жіберсе қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, жауап бермеген жағдайда қойылады.

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-191
Силлабус		12 беттің 10 беті

Сынақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-191
Силлабус	12 беттің 11 беті

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-191
Силлабус	12 беттің 12 беті